
«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова
« 29 » тамыз 2025ж

«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
« 29 » тамыз 2025ж

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын
2025-2026 оқу жылында жүзеге асыруға арналған
тәрбие жұмысының жоспары
Сыныбы: 7 « Ә»
Сынып жетекші: Сейтсұлтан Жазира Алматқызы



«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Біртұтас тәрбие»бағдарламасының атауын «Адал азамат» деп өзгерту туралы шешім қабылдады.(бұдан әрі – Бағдарлама). Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарламаның түпкі мақсаты «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген,білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысы МЖМББС сәйкес айқындалған 6 негізгі бқұндылық негізінде ұйымдастырылады.

Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- **Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;**
- **Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;**
- **Қаңтар – заң және тәртіп айы;**
- **Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;**
- **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;**
- **Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.**
- **Маусым – жасампаздық және жаңашылдық айы;**
- **Шілде – заң және тәртіп айы;**
- **Тамыз – заң және тәртіп айы.**

2024–2025 оқу жылының қорытынды сауалнамасының нәтижесіне сәйкес, жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жоба мен алдын алу шаралары бойынша жұмысты күшейту ұсынылады.

Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды (кесте-9):

9-кесте. Тәрбие процесінің жүйелі ұйымдастырылуы

1 «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру (асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.)

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарда орналастырылады

2 «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті жеке әңгімелесуі

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу

3. Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттарын ұйымдастыру 4 «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНДІРУ ТУРАЛЫ

Жобаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы орта білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алуға бағытталған кешенді жүйені іске асыру.

Іске асырудың негізгі қадамдары:

1. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
2. Мектептік буллингке қарсы команда құру.
3. Қақтығыс болуы мүмкін аймақтарды бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау (мүмкін болған жағдайда).
4. Педагогикалық ұжымға түсіндіру семинарларын өткізу.
5. Іс-шараларды тәрбие жұмысы жоспарына енгізу.
6. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды диагностикалау жұмысын жүргізу.
7. Мамандардың біліктілігін арттыру.
8. Қызметкерлерге әрекет ету алгоритмдері жөнінде нұсқаулық беру.
9. Білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және эмоциялық интеллектін қалыптастыру.
10. ППҚО-да ата-аналарға арналған сабақтар өткізу.
11. Әлеуметтік ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу.

7- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	I тоқсан			
	1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) **02-05.09.2025ж.**			
1	1 қыркүйек -Білім күні. **«Мектебім мейірім мек»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 1-САБАҚ:** *7- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.09.25ж.**
	2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! **08-12.09.2025ж.**			
2	**«Көлік құралдарын пайдалану ережелері» ЖЖЕ №1 / «Ана – отбасының шамшырағы»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 2-САБАҚ:** *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.09.25ж.**
	3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай) **15-19.09.2025ж.**			
3	**«ДОСБОЛІКЕ»** **«Буллингтен қорған! »** **«Жеке шекараларды зерттеу»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ:** *7- сыныптар :* «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.09.25ж.**
	4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) **22-26.09.25ж.**			

4	**«Еңбек етсең емерсің»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 4-САБАҚ** *7- сыныптар* : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұқандай болуы керек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.09.25ж.**
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық **1 қазан** – Халықаралық қарттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! **29.09-03.10.25ж.**				
5	**«Қария – елдің тірегі, ұрпақтың жүрегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *7 – сыныптар:* «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**29.09.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! **06-10.10.25ж.**				
6	**«Автомобильдегі медициналық қобдиша» ЖЖЕ №2 / «Ұстаз – ұлы тұлға»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *7 - сыныптар*: «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.10.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады! **13-17.10.25ж.**				
7	**«Ойынға салауатты көзқарас»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғарадың қалай алдын алуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.10.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім! **20-23.10.25ж.**				
8	Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні **«Қазақ елі менің - Отаным»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.10.25ж.**

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 8-САБАҚ** *7- сыныптар :* «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай қамтамасыз етуге болады»			
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша** – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым! **03-07.11.25ж.**				
9	**«Адал азамат»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** *7- сыныптар*: «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады!	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**03.11.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ! **10-14.11.25ж.**				
10	**15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні** **«Ұлттық валюта-теңге»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *7 – сыныптар:* «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім1	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.11.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі **17-21.11.25ж.**				
11	**«ДОСБОЛІКЕ»** **«Буллингтен қорған! » Жеке шекараларды қорғау** **/ «ЖКО-да зардап шегушінің киімін шешу ережелері» ЖЖЕ№3** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *7- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**17.11.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! **24-28.11.25ж.**				
12	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**24.11.25ж.**

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 12-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар)			
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады **01-05.12.25ж.**				
13	**«Қоғамдық мүлікті қорға!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *7- сыныптар* : «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**01.12.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді **08-12.12.25ж.**				
14	**«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл (24.12.1910–10.06.1982).»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *7- сыныптар :* «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұқандай болуы керек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.12.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас **15-19.12.25ж.**				
15	***«Тәуелсіздік* – тендесі жоқ байлығым»/** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.12.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған **22-26.12.25ж.**				
16	**«Жаңа жылдық тарту» /** **«Жараланғанда, жарақаттанғанда және жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.12.25ж.**

	медициналық көмек» ЖЖЕ №4 *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16- САБАҚ** *7 - сыныптар* : «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)»			
III тоқсан				
Қаңтар – заң және тәртіп айы **1 қаңтар** – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар **12-16.01.26ж.**				
17	**«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ** *7 - сыныптар*: «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғарадың қалай алдын алуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**12.01.26ж.**
3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы **19-23.01.26ж.**				
18	**«ДОСБОЛLIKE»** **«Буллингтен қорған! »** **Өзгелердің жеке шекараларын құрметтеу** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 18- САБАҚ** *7 - сыныптар* : «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.01.26ж.**
4-апта дәйексөздері: Әділет жолы- адал жол **26-30.01.26ж.**				
19	**«Заңды білу – өз құқығыңды қорғау»** **«Сынған кездердегі алғашқы медициналық көмек. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек» ЖЖЕ №5** Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 19- САБАҚ** *7- сыныптар* : «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады!	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.01.26ж.**
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				

1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы) 02-06.03.26ж.				
24	**«Алғыс айту – рухани байлық»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 24-САБАҚ** *7- сыныптар* : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұқандай болуы керек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.03.26ж.**
2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік 9-13.03.26ж.				
25	**«Бәрінен биік ана жүрегі»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* № 25- **САБАҚ** *7 - сыныптар* : «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**09.03.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады 16-20.03.26ж.				
26	**«Наурыз – жыл басы»** **«Велосипедшілер, мопедшілер қозғалысының ережелері» ЖЖЕ №7** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 26- САБАҚ** *7- сыныптар* : «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.03.26ж.**
IV тоқсан				
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең 30.03-03.04.26ж.				
27	**2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **«Кітап – рухани қазына»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* № 27- **САБАҚ**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**30.03.26ж.**

1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге 02-06.02.26ж.				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 20-САБАҚ** *7 сыныптар*: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.02.26ж.**
2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала 9-13.02.26ж.				
21	**«Лудомания»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут*) **№ 21-САБАҚ** *7- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**09.02.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - өрге жүзер 16-20.02.26ж.				
22	**Қауіпсіз қоғам / «Теміржол өтпелерінен жүріп өту. Қала сыртындағы жолдарда.ЖЖЕ №6** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 22-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.02.26ж.**
4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы 23-27.02.26ж.				
23	**«Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 23-САБАҚ** *7 - сыныптар* : «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**23.02.26ж.**

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

	7- сыныптар : «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғарадың қалай алдын алуға болады?»			
2-апта дәйексөзі: Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап. (Абай) 06-10.04.26ж				
28	**«7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні Өмірге салауатты қадам» / «Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүк тасымалы ережелері» ЖЖЕ №8** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 28-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.04.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи) 13-17.04.26ж.				
29	**12 сәуір** – Ғарышкерлер күні **«Байқоңырдан басталған сапар»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№29-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады!	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.04.26ж.**
4-апта дәйексөзі: Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар 20-24.04.26ж.				
30	**«ДОСБОЛІКЕ»** **«Буллингтен қорған! »** **«Менің жеке шекараларым: өмірмен ұштастырамыз»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 30-САБАҚ** *7- сыныптар* : «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.04.25ж.**
5-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер 27.04-01.05.2026ж.				
31	**1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **"Бірлігі жарасқан ел – мәңгі ел"** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 31-САБАҚ:**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**27.04.26ж.**

	7- сыныптар:«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары			
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы **1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ **04-08.05.26ж.**				
32	**9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні / **«Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар» ЖЖЕ №9** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 32-САБАҚ** *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**04.05.26ж.**
2-апта дәйексөзі: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ **11-15.05.26ж.**				
33	**«Отбасы – бақыт мекені»/** **«Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар» ЖЖЕ №10** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 33-САБАҚ** *7 - сыныптар* : «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді?	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**11.05.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би) **18-22.05.26ж.**				
34	**«Білімім – Отаныма!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 34-САБАҚ** *7- сыныптар* : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұандай болуы керек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**18.05.26ж.**

02.09.25ж.

«Мектебім-мейірім мекенім»

Бұл тақырыптағы сынып сағатының мақсаты: Отанды сүюге, болашақта отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді, білікті адамдар керек екенін аңғарту. Еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, әдет-ғұрып, салт- дәстүрді сақтап, әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу.Сыныпта алдымен әнұран айтылып,оқушылардың патриттық сезімін оянды. Содан соң оқушылар Отан,мектеп туралы өлең жолдарын айтып,мақал – мәтел жарысын ойнап белсенді болды.

08.09.25ж.

«Ана-отбасының шамшырағы »

«Ана – отбасының шамшырағы» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушылардың отбасы, жанұяның, ананың бала өміріндегі маңызын түсіндіру, ананың еңбегін бағалау, сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру.Оқушылардың аналарға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, шынайы қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Сабақ ЖИ арқылы жасалған құттықтау сөз тыңдатылды. «Анашым» әнін бірге орындады.

15.09.25ж.

Буллингтен қорған

22.09.25ж.

«.Еңбек етсең емерсің»

Мақсаты:

- Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі негізгі құндылық екенін түсіндіру;
- Еңбекке деген жауапкершілікті дамыту, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- Оқушыларды адал, табанды еңбекке баулып, өз болашағы үшін еңбектің маңызын түсіндіру;
- Еңбекқорлық пен шыдамдылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

Міндеттері:

- Еңбек туралы түсініктерін кеңейту;
- Адам еңбегімен жасалатын құндылықтарды бағалауға үйрету;
- Әртүрлі мамандықтар мен еңбектің маңызын көрсету.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: «Еңбек – адам өмірінің негізгі тірегі. Әрбір жетістік, әрбір табыс – еңбектің нәтижесі. Адам еңбектің арқасында қоғамға, елге, өз отбасына пайдалы тұлға болады. Біз бүгін еңбек туралы тереңірек түсінік аламыз».Сынып сағатында оқушыларға еңбек ету арқылы жоғарғы жетстікке жеткен әйгілі адамдар туралы видеоролик көрсетіліп,оқушылардан мамандық туралы сұхбат алынды.Оқушылар топқа бөлініп өз ойларын еркін жеткізді.

29.09.25ж.

«Қария-елдің тірегі,ұрпақтың жүрегі»

Оқушылардың бойына халқымыздың қадір - қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата - бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу..

Сынып сағатында оқушылардың үлкен қалай құрмет көрсете алатындықтары туралы сұхбат алында,кімнің үйінде ақ сақалды қария бар,кімнің үйінде ақ жаулықты әже бар екені белгілі болды.Оқушылар белсенді түрде карт ,қарияны сыйлап,құрметтеп,оларға әрдайым көмек беретіндіктерін жеткізді.Қарттық туралы мақал-мәтелдер жарысына белсене қатысы.

06.10.25ж.

Ұстаз-ұлы тұлға

Сабақтың мақсаты:Оқушыларға ұстаз—екінші ана екендігін түсіндіру. Айналасына білім,тәрбие ұрығын шашып,адамгершілік нұрын төгетін ұлы тұлға ұстазға құрмет көрсету,лебіз білдіру,адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.Мерекелерімен құттықтап,құрмет көрсету.
Тәрбие сағатында оқушылар түрлі өнерлерін көрсетті.Ән айтып,ұстаз жайлы жыр шумақтарын арнады.

13-17.10.25ж.

Ойынға салауатты көзқарас

Мақсаты :

Ойынның салауатты өмір салтына әсерін түсіндіру.Ойындардағы тепе-теңдік пен уақытты дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру.Ақпараттық және компьютерлік ойындарға деген дұрыс көзқарасты тәрбиелеу.Құндылықтарды дарыту.Денсаулықты қадірлеу.Ойынның физикалық және психологиялық денсаулыққа әсері туралы түсінік беру.Спорттық және белсенді ойындарды таңдау арқылы денені шынықтырудың маңыздылығын үйрету.Өзін-өзі басқару және жауапкершілік.Ойынға уақытты дұрыс бөлу, тәуелділікке жол бермеу.Ойынның өз уақытында және өз шегінде болуы керектігін түсіндіру.Сынып сағатында оқушылар белсенділік танытып,өз ойларын еркін білдірді.

20-23.10.25ж.

«Қазақ елі менің – Отаным»

Мақсаты:

Туған жерін,Отанын сүюге,егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеуге,туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай,еске алып отыруға,елімізді бабаларымыз сияқты қорғай білуге,ата-бабадан дәстүр боп келе жатқан өнеге-салтымызды,ана тілімізді сүйіп,оны сақтай білуге тәрбиелеу.Сынып сағатында оқушылар әнұранмен бастады,содан соң еліміздің құндылықтары туралы айтылды.Оқушылар белсенділік танытып,еліміздің тәуелсіздік нышандарын құрметтеуге шақырды. Отан туралы мақал-мәтелдер айтып,өлең шумақтарын оқыды.

2 – тоқсан

17.11.25ж.

«Ұлттық валюта» теңге күні

Мақсаты :

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы туралы мәліметтер беру; оның пайда болу тарихымен таныстыру, теңгенің ел экономикасындағы және әр адамның өміріндегі рөлі мен маңызын анықтау; патриотизмге, азаматтыққа, елдің экономикалық тәуелсіздігіне деген мақтанышқа тәрбиелеу.Оқушылар валютаның шығуын,және ерекшелігін зерттеп,түрлі сұрақтарға жауап алды.Өмірде ақшаны үнемдеп,дұрыс пайдалану жолдарын білді.

24.11.2025

«Буллингтен қорған»

Бұл сабақтың негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасында жиі кездесетін буллинг құбылысының мәнін терең ашу, оның түрлері, белгілері және салдары туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру. Оқушыларға буллингтің психологиялық, әлеуметтік және эмоционалдық зиянын түсіндіре отырып, кез келген қорлау, мазақтау, кемсіту, күш көрсету және әлеуметтік қысым көрсету әрекеттерінің дұрыс еместігін ұғындыру.

Сабақ барысында оқушылар өзінің жеке шекараларын қорғаудың маңыздылығын түсініп, буллинг жағдайында өзін қалай ұстау керектігі туралы практикалық ақпарат алады. Сонымен қатар, буллингтің алдын алу жолдарын анықтап, қиын жағдайға тап болғанда кімнен және қалай көмек сұрауға болатынын үйренеді. Оқушылар сынып сағатында түрлі ситуациялық сұрақтарға жауап беріп,буллинге жол бермеу керектігін түсінді және өздерін буллингтен қалай қорғау керектіктерін жеткізе білді.



01.12.2025


«Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»

Оқушылардың күнделікті өмірде суды, тамақты және энергия ресурстарын тиімді әрі ұқыпты пайдаланудың маңыздылығы туралы түсініктерін тереңдету; табиғи ресурстардың шектеулі екенін ұғындырып, оларды сақтау жолдары жөнінде ақпарат беру; үнемдеу мәдениетін қалыптастыру арқылы жауапкершілік, тәртіп, өзіндік бақылау дағдыларын дамыту. Сонымен бірге оқушылардың ойлау қабілетін, талдау жасау, пікір білдіру дағдыларын жетілдіру, өз тәжірибелерінен мысал келтіруге үйрету.

Қауіпсіздік бөлігінде оқушыларды көшеде, әсіресе фонтан маңында дұрыс және қауіпсіз әрекет етуге дағдыландыру; қауіпті нысандардың түрлерімен таныстырып, олардан аулақ болу жолдарын меңгерту; өзін және өзгені қорғауға бағытталған жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

08.12.2025
«Қоғамдық мүлікті қорға»

Оқушыларға қоғамдық мүліктің қоғам өміріндегі маңызын жан-жақты түсіндіру, оның әр азамат үшін ортақ игілік екенін ұғындыру, қоғамдық мүлікті қорғау мен сақтау мәдениетін қалыптастыру. Оқушыларды жауапкершілікке, тәртіпке, ұқыптылыққа және қоршаған ортаға құрметпен қарауға тәрбиелеу. Күнделікті өмірде қоғамдық нысандарды дұрыс пайдалануға, оларды бүлдірмеуге, сақтауға және қорғауға бағытталған дұрыс әрекеттерді таңдай білуге үйрету. Қоғамдық кеңістікте өз іс-әрекеттерінің салдарын түсініп, саналы шешім қабылдайтын белсенді, мәдениетті тұлға болуға ынталандыру.



15.12.25ж.

«Халықаралық толеранттылық күні»

Мақсаты :Оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен сыйлас болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту, толеранттылық дегенді ұғындыру. Оқушылар тәрбие сағатына белсене қатысып,сұрақтарға жауап беріп отырды.

22.12.25ж.

«Жаңа жылдық тарту»

Бұл шараның мақсаты балаларға жаңа жылдық көңіл күй сыйлау,оқушылардың жаңа жылға деген қызығушылықтарын арттырып,көңіл күйлерін көтеру.Әр оқушы бұл шарада өз өнерлерін көрсетіп ,түрлі ойындар ойнап,би билеп, ән айтып түрлі сыйлықтарға ие болды. Жаңа жылдық ғажайыптардың бар екендігін сезініп,жаңа жылдық мерекені жақсы көңіл күймен қарсы алды.

2025-2026 оқу жылындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген 7Ә сыныбының тәрбие жұмысының 2- жартыжылдық есебі:

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Бағдарламаның мақсаты – патриоттық рухта тәрбиеленген, заңға құрметпен қарайтын, білімді әрі жасампаз тұлға қалыптастыру. 3-тоқсандағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына және мектептің жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді.

Оқушылардың тәртібі мен сабаққа қатысуы.

Сыныпта 30 оқушы бар. Оның 16 ұл бала, 14 қыз бала.

- 7 Ә сынып оқушыларының сабаққа қатысу деңгейі: _90__%
- Сабаққа себепсіз қатыспаған оқушылар саны: 0
- Мінез-құлық ережелерін бұзу жағдайлары: жоқ
- Оқушыларға қазақтың салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарды насихатталды. Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, жастарды елжандылыққа тәрбиеленді. Заңды білу және құқықтық мәдениетті дамытылды. Оқушылардың интернеттегі қауіпсіздігіне көңіл бөлінді. Ұлттық мерекелерді құрметтеп және мерекелік шараларға белсенді қатысты.

Дәйексөз

Оқушылардың бойында ізгілік, мейірімділік, жауапкершілік қасиеттерін дамыту мақсатында 3-тоқсанда төмендегі дәйексөздер қолданылды:

«Талап бар жерде тәртіп бар», «Тәртіп – тәрбие бастауы», «Әділет жолы- адал жол», «Жасампаздық – бәрімізге өнеге», «Өнерлі бала - өрге жүзер», «Жаңашылдық – заман талабы», «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)», «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік», «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады».

Бұл дәйексөздер тәрбие сағаттарында, сынып сағаттарында талқыланып, оқушылар өз ойларын ортаға салды.

Құндылықтар

Қаңтар – заң және тәртіп айы

«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!», «Адал бала – ел болашағы»,

«ДОСБОЛІКЕ», «Мен де өз құқығымды білемін!»

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні»

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Телефон емес – достармен ойын!» ,«Қауіпсіз қоғам», «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік», «Лудомания», «Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл (1846–1945)»

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Алғы айту – рухани байлық», «Бәрінен биік ана жүрегі», «Наурыз – жыл басы»
3 тоқсанда осы тақырыптарда тәрбие сағаттарын өткіздім.

Тәрбие сағаттарында ұлттық дәстүрлер, салт-сананың маңыздылығы талқыланып, ұлттық ойындар мен танымдық шаралар ұйымдастырылды.

Қауіпсіздік 10 мин.

Қауіпсіздік – адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ережелер мен шаралар жиынтығы. 10 минуттық тәрбие сағатында оқушыларға күнделікті өмірде, мектепте, көшеде және интернетте қауіпсіздікті сақтау жолдары түсіндірілді. Бұл тәрбие сағаты оқушыларға қауіпсіздік ережелерін еске салып, оларды төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйреттім.

Қорытынды

